

Аңдатпа

Бұл дипломдық жобада GDPR регламентіндегі жеке мәліметтердің қорғалу шаралары талданады. Талдау барысында регламент ережелеріне сәйкес сайт бейнесі жасалынды.

Жобаны дайындау барысында GDPR регламенті толықтай зерттеліп, оның маңызды пункттері жұмысқа енгізілді. Веб-сайт HTML, CSS тілдерінде жазылды. Нәтижесінде GDPR регламентінің бірқатар талаптарын Қазақстан заңнамасына енгізу ұсынылды.

Өмір-тіршілік қауіпсіздігі бөлімінде өрт сөндірудің бастапқы құралдарына және жерге тұйықтағыштардың қажеттілігі есептелді, бағдарламашылардың еңбек жағдайлары талданылды. Жобалық тәуекелдерді бағалау бөлімінде жоба тәуекелдері қаралып, олар екі фактор бойынша есептелінді және Coras бағдарламасын пайдалана отырып талдау жүргізілді.